

Аңдатпа

Берілген дипломдық жобада құжаттармен жұмыс жасауды жеңілдететін Liferay негізінде электрондық архив құрылды. Жобаның өзектілігі дәстүрлі архивтерді қолданудың тиімділігінің азаюына байланысты құжаттармен жұмыс жасауды, оларды сақтауды жеңілдету үшін басқа жүйеге деген қажеттіліктің пайда болуында негізделген. Жобаның мақсаты электрондық архив жүйелері мен Liferay порталға түсінік беру және Liferay негізінде барлық талаптарға жауап беретін электрондық архив әзірлеу. Жобада Java EE, Liferay, Gradle технологиялары мен Eclipse, HeidiSQL бағдарламалары және MySQL ДҚБЖ қолданылды.